

ЕРЕЖЕ

2025 ж. 24 қыркүйек

дата

Алматы қ.

ПОЛОЖЕНИЕ


№ Р-24-25

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңестің шешімімен
Бекітемін
ГК төрағасы Г. Тасбергенова
2025 жылғы «25» қыркүйек №2 қаттамға

ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Дайындаған:

Тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің басшысы		Мусаева А.Б.	
Келісілді:			
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кошербаев Ж.А.	
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		Кулданов Н.Т.	
Compliance officer		Джагупарова Г.М.	
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы		Сарымсақова А.С.	
Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы		Ысқақов Ж.Ж.	
Заң секторының басшысы		Черепанова С.А.	
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОР ЖАЙЛЫ ЕРЕЖЕ	3
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	3
3. ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОР ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	4
4. ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ	4
5. ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ.....	5
6. СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУ ТӘРТІБІ	5
7. ЭДВАЙЗЕР – КУРАТОРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	6
ЛИСТ РЕГИСТРАЦИИ ИЗМЕНЕНИЙ	ERROR! BOOKMARK NOT DEFINED.
ЛИСТ ОЗНАКОМЛЕНИЯ	9

1. ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОР ЖАЙЛЫ ЕРЕЖЕ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – КНК) студенттік топтарға эдвайзер-куратор қызметін атқаратын педагог қызметкерлерді тағайындау тәртібін, олардың міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

2. Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, Бала құқықтары туралы конвенцияға, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің заңдары мен нормативтік құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыру-басқару құжаттарына, сондай-ақ Консерватория Жарғысы мен оқу, әдістемелік жұмыс және тәжірибе регламентіне сәйкес әзірленді.

3. Консерваторияда эдвайзер мен куратордың функциялары біріктіріліп, бір тұлғаға жүктеледі. Қазақстан Республикасының қолданыстағы білім беру заңнамасына сәйкес куратор мәртебесі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында (бұдан әрі – Консерватория) оқытушының (немесе профессор-оқытушылар құрамының мүшесінің) кәсіби қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады.

4. Куратор болып профессор-оқытушылар құрамының жоғары моральдық ұстанымы, жауапкершілігі және адамдармен конструктивті қарым-қатынас жасау қабілеті бар қызметкері тағайындалады.

5. Академиялық топ кураторы – топтағы студенттердің бүкіл өмірін ұйымдастырушы. Ол топтағы моральдық-психологиялық ахуалдың қалыптасуына, студенттердің оқуға, ғылыми жұмысқа, қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерге көзқарасына, ұжымшылдық сезімін дамытуға айрықша ықпал етеді. Сондай-ақ куратор студенттердің жеке қасиеттерін ашуға, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасап, топтың даралығын басқа студенттік ұжымдар арасында сақтауға және Консерваториядағы студенттік дәстүрлерді қолдауға ықпал етеді.

6. Өз міндеттерін табысты орындау үшін академиялық топ кураторы жоғары мәдениетті, жан-жақты білімді, кәсіби білікті, ғылыми беделді және ұйымдастырушылық тәжірибесі мол болуы тиіс. Куратор студенттерге құрметпен әрі талапшылдықпен қарап, зейінді және әдепті болуы қажет.

7. Академиялық топ кураторларына қойылатын талаптар, олардың тәрбиелік үдерісті жүзеге асырудағы рөлі кафедра, факультет және Консерватория басшылығы тарапынан олардың қызметін барабар бағалауды қамтамасыз етеді.

2. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

8. **Эдвайзер (Advisor)** – студентке өзінің мамандығына сәйкес оқу траекториясын (жеке оқу жоспарын құруды) тандауға, білім беру бағдарламасын меңгеруіне академиялық тұрғыдан жетекшілік жасайтын оқытушы.

9. **Куратор** (лат. *curator, cura* — қамқорлық) – студенттерге топтық ұжымды қалыптастыруда, жеке тәрбие жұмыстарын жүргізуде, студенттердің ата-аналарымен байланысты ұйымдастыруда, олардың мәселелерін анықтап, көмек көрсетуде, оқу процесін бақылауда жәрдемдесу үшін тағайындалатын оқытушы.

ЕРЕЖЕ	ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	Стр. 3 из 10

3. ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОР ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10. Эдвайзер-куратор қызметінің мақсаты – студенттерге академиялық жетекшілік жасау, олардың оқуға белсенді, шығармашылықпен және саналы түрде қарауын қалыптастыру.

11. Эдвайзер-куратордың негізгі міндеттері:

1) Студенттердің оқу траекториясын құру барысында үздіксіз кеңес беру;
2) студенттердің оқу тәртібі мен үлгерімін арттыруға, өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуға, уақытты тиімді бөлуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

3) студенттердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарына қатысуына ықпал ету;

4) студенттік өзін-өзі басқаруды қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдесу;

5) студенттердің ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға, қоғамдық пайдалы істерге қатысуына ықпал ету;

6) студенттерге күрделі өмірлік жағдайларда көмек көрсету;

7) кураторларды тағайындаудың мақсаты 1–4 курс студенттеріне Консерваториядағы оқу үдерісіне бейімделуге жәрдемдесу.

8) Куратордың міндеттері:

9) студенттердің білім беру бағдарламаларын табысты меңгеруіне жағдай жасау;

10) студенттерді Консерватория және факультет деңгейінде өткізілетін мәдени-шығармашылық іс-шараларға тарту;

11) студенттік топта тәрбие жұмысын жүргізу.

4. ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

12. Эдвайзер-куратор кафедраның педагогикалық қызметкерлері арасынан кемінде 3 жылдық педагогикалық еңбек өтілі бар, жоғары моральдық қасиеттерге, жауапкершілікке және адамдармен конструктивті қарым-қатынас орната алу қабілетіне ие тұлғалардан тағайындалады.

13. Эдвайзер-кураторды тағайындау, оған студенттік топтарды бекіту және жүктелген міндеттерінен босату факультет деканының бұйрығымен жүзеге асырылады.

14. Эдвайзер-кураторды тағайындауға ұсынылған кандидатура кафедраның педагогикалық қызметкерлерінің келесі оқу жылына арналған оқу жүктемесін бөлу кезінде бір мезгілде қаралып, кафедра отырысында бекітіледі. Кафедра отырысының шешімінің көшірмесі факультет деканатына ағымдағы жылдың 10 қыркүйегінен кешіктірілмей тапсырылады.

15. Куратордың студенттік топтағы жұмысы педагогикалық қызметтің құрамдас бөлігі болып табылады және ол оқу жылына арналған педагог қызметкердің жеке жұмыс жоспарына белгіленген уақыт нормаларына сәйкес енгізіледі.

16. Декан бекіткен эдвайзер-кураторлардың тізімі Регистр офісіне ұсынылады.

17. Академиялық топ кураторы (бұдан әрі – Куратор) кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша факультет деканының бұйрығымен тағайындалады. Кураторды

ЕРЕЖЕ	ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	Стр. 4 из 10

міндеттерінен босату да осы тәртіппен жүзеге асырылады. Тағайындау (немесе босату) туралы ақпарат тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректорға жеткізіледі.

18. Куратор, әдетте, бір немесе екі академиялық топқа бекітіледі және өзі қызмет атқаратын кафедраның меңгерушісіне тікелей бағынады.

5. ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

19. Эдвайзер-куратор білім алушылардың академиялық мүдделерін білдіреді және оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті барлық ақпараттық материалдарды әзірлеуге қатысады, оларды білім алушыларға ұсынады және жеке оқу жоспарын құру мен түзетуге жәрдемдеседі.

20. Эдвайзер-куратор білім алушының бүкіл оқу кезеңі барысында ұйымдастырушылық-әдістемелік және кеңестік жұмыстар жүргізеді.

21. Эдвайзер-куратор білім алушыларға жеке оқу траекториясын қалыптастыруға және білім беру бағдарламасын меңгеруге көмек көрсетеді.

22. Эдвайзер-куратор білім алушыға тек оқу траекториясын таңдауда ғана емес, сонымен қатар жеке даму бағытын айқындауда да қолдау көрсетеді. Осыған орай ол білім алушының сыныптан тыс қызығушылықтар аясын, қоғамдық жұмыс формасын таңдауға жәрдемдеседі және Консерваторияда шығармашылық қабілеттерін іске асыру мүмкіндіктері туралы ақпарат береді.

23. Эдвайзер-куратор білім алушыға болашақ мансапқа қатысты мәселелерді шешуде, ғылыми зерттеу бағытын анықтауда, ғылыми жетекшіні таңдауда, бітіру біліктілік жұмысының тақырыбын айқындауда, кәсіби тәжірибеден өту базасын таңдауда көмек көрсете алады.

6. СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУ ТӘРТІБІ

24. Студент жеке оқу траекториясын мамандық бойынша негізгі (үлгілік) оқу жоспары (2018 жылға дейін қабылданғандар үшін) және пәндер каталогы негізінде өз бетінше қалыптастырады. Студент қажетті көлемде міндетті және элективті пәндерді (модульдерді) таңдап, оларды жеке оқу жоспарына (ЖОЖ) енгізеді. Осыдан кейін Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа (МЖМБС) және студенттердің жеке оқу жоспарларына сәйкес оқу жылына арналған мамандық бойынша жұмыс оқу жоспары жасалады.

25. Студент ЖОЖ құруға және оқу жоспары талаптарына сәйкес оқу курсы толтық меңгеруге жауапты.

26. Студенттің ЖОЖ-на енгізілетін кредиттердің ең көп көлемі ағымдағы семестр мен оқу жылына МЖМБС белгіленген кредиттер санына сәйкес болуы тиіс. Шарттық негізде білім алатын студенттер ЖОЖ-ды оқу жоспарында көзделгеннен аз пәндер көлемімен қалыптастыра алады, бұл жағдайда оқу мерзімі ұзартылады.

27. Пәндер туралы мәліметтер, оның ішінде қысқаша сипаттамасы пәндер каталогында беріледі. Ол студенттердің назарына бітіруші кафедралар мен эдвайзер-кураторлар арқылы жеткізіледі, сондай-ақ «Platonus» жүйесіне және консерваторияның веб-сайтына орналастырылады.

ЕРЕЖЕ	ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	Стр. 5 из 10

28. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (ОӘК) жұмыс оқу жоспарларына сәйкес, тиісті пәндер (модульдер) оқытылатын семестр басталғанға дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын «Platonus» жүйесіне енгізіледі. Көрсетілген мерзімнен кейін ОӘК енгізуге жүйе автоматты түрде жабылады.

29. Пәндерді (модульдерді) таңдау міндетті түрде олардың оқылу реттілігін сақтай отырып жүргізіледі. Алдыңғы семестрде пререквизитін меңгермеген студент тиісті пәнге тіркелуге құқылы емес.

30. Бітіруші кафедра меңгерушісі мен эдвайзер-кураторлар академиялық берешегі бар студенттерді уақытылы хабардар етіп, оларды келесі теориялық оқу кезеңдерінде жою мүмкіндіктерін түсіндіруге және пререквизит принципін сақтауға жауапты.

31. Құрастырылған ЖОЖ үш данада студенттің қолымен рәсімделіп, келісу үшін эдвайзер-кураторға тапсырылады.

32. Эдвайзер-куратор ескертулер болмаған жағдайда ЖОЖ-ға қол қойып, оны Регистр офисімен келіседі. Факультет деканы бекіткеннен кейін бір данасы студенттің өзінде қалады, екінші данасы аттестациялар кезінде пайдалану үшін Регистр офисіне өткізіледі, ал үшінші данасы эдвайзер-кураторда сақталады және студенттің оқу жоспарын орындауын бақылауға негіз болады. ЖОЖ-ды Регистр офисіне өткізу мерзімі – семестрдің алғашқы аптасы. ЖОЖ студенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (ID) бойынша тіркеледі. Магистранттар мен докторанттардың оқуын жеке жоспарлау олардың ғылыми жетекшілерінің (кеңесшілерінің) қатысуымен жүзеге асырылады.

33. Негізгі немесе үлгілік оқу жоспары және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде кафедралар жұмыс оқу жоспарларын әзірлейді, олар факультет кеңестері мен Консерваторияның оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынымынан кейін Ғылыми кеңесте бекітіледі.

34. Студент оқу жылының Академиялық күнтізбесінде белгіленген тіркеу кезеңінде теориялық оқыту басталғанға дейін мамандықтың жұмыс оқу жоспары аясында өз ЖОЖ-на өзгерістер енгізуге құқылы.

35. Халықаралық білім беру алмасу бағдарламалары немесе Құрманғазы атындағы КНК-ның серіктестік бағдарламалары аясында шетелдік ЖОО-ларда академиялық ұтқырлық негізінде оқыған студенттердің, магистранттар мен докторанттардың шетелде жинаған кредиттері Консерваторияның бекітілген оқу жоспарына сәйкес келген жағдайда қайта есептелуі мүмкін. Кредиттерді қайта есептеу үшін бітіруші кафедра шетелдік пәндердің силабустары негізінде олардың мазмұнының КНК оқу жоспарына эквиваленттілігін айқындайды.

7. Эдвайзер – куратордың құқықтары мен міндеттері

47. Эдвайзер-куратордың функционалдық міндеттеріне жұмыс жоспарын құру кіреді. Онда осы Ережеде және қолданыстағы нормативтік-нұсқаулық құжаттарда белгіленген қызмет салалары бойынша оған бекітілген студенттермен ұжымдық және жеке кездесулер қарастырылады.

48. Студенттің пәндерге тіркелуі мен жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құру кезінде оқу жоспарының пәндерін таңдауға көмек көрсету.

ЕРЕЖЕ	ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	Стр. 6 из 10

49. Қажет болған жағдайда студенттің жеке оқу жоспарларына өзгерістер енгізуге жәрдемдесу.

50. Эдвайзер-куратор студенттердің бекітілген ЖОЖ-ды орындауына жауапты.

51. Оған бекітілген студенттердің үлгерімін бақылау, факультетінің Регистр офісі менеджерлерімен байланыста жұмыс істеу. Сонымен қатар эдвайзер-куратор студенттік топтың өмірі мен қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға және шешімдер қабылдауға қатысуға, қажет болған жағдайда студенттік топ немесе жекелеген студенттер туралы ақпарат дайындауға міндетті.

52. Студенттерді кафедра, факультет және Консерваторияның қоғамдық өміріне тарту.

53. Кафедра меңгерушісін, факультет басшылығын, студенттердің ата-аналарын (туыстарын) студенттердің оқу және сыныптан тыс қызметіне қатысты мәселелер жөнінде уақытылы хабардар ету.

54. Эдвайзер-кураторлардың кеңес беру қызметіне мыналар кіреді:

1) студенттерді оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерімен таныстыру, куратор өзінің функциялары мен міндеттерін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес орындауға жауапты;

2) студенттердің басымдықтарын, бейімділіктері мен мүмкіндіктерін айқындау;

3) Консерваторияға бейімделуде қиындық көріп жүрген студенттермен жеке жұмыс жүргізу.

55. Студенттің жеке оқу мүмкіндіктерін, оның оқу мотивациясының ерекшеліктерін зерттеу, үлгермеу себептерін анықтау және оған топтағы студенттер немесе тиісті кафедралардың педагог қызметкерлері арқылы көмек көрсету.

56. Студенттік топта сабақ жүргізетін педагог қызметкерлерімен, студенттердің ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) байланыс орнатып, олардың үлгерімі туралы хабарлап отыру.

57. Студенттердің сабаққа қатысуын, оқу сабақтарындағы тәртібін бақылау.

58. Эдвайзер-куратордың құқықтары:

1) барлық пәндер бойынша ағымдағы, межелік және қорытынды бақылаудың өту ережелерінің сақталуын тексеру;

2) студенттердің үлгерімі мен академиялық мәртебесіне қатысты мәселелерді қарастыратын комиссиялардың (кеңестердің) жұмысына қатысу;

3) оған бекітілген студенттердің үлгерімін қадағалау;

4) әрбір студентке қатысты «Platonus» жүйесіне енгізілетін ақпараттың дұрыс толтырылуын бақылау;

5) кафедралардан элективті пәндердің саны мен сипаттамасы туралы толық ақпаратты уақытылы алып, оны студенттерге жеткізуді талап ету;

ЕРЕЖЕ	ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	Стр. 7 из 10

- 6) өзіне бекітілген студенттерге қатысты барлық мәселелерді талқылауға қатысу;
- 7) оқу және тәрбие жұмысының сапасын жақсартуға ұсыныстар енгізу;
- 8) факультет деканатынан (Консерваторияның Регистр офисінен) өзіне жүктелген міндеттерді уақытылы әрі сапалы орындау үшін қажет студенттер туралы ақпаратты сұратып, алу.

59. Куратор білуге міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) Консерватория Жарғысын;
- 3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- 4) Мемлекеттік білім беру стандарттарын және қызметіне қатысты өзге де нормативтік құжаттарды;
- 5) Ішкі тәртіп ережелерін;
- 6) Консерватория жатақханаларында тұратындардың ішкі тәртіп ережелерін;
- 7) Консерватория студенттерін стипендиялық қамтамасыз ету және әлеуметтік қолдаудың басқа да түрлері туралы ережелерді;
- 8) Оқу үдерісін, сыныптан тыс, тәрбиелік жұмыстарды, әлеуметтік қорғау мен қолдауды ұйымдастыруды айқындайтын өзге де жергілікті нормативтік құжаттарды.

60. Куратор өзінің академиялық тобының студенттерін аталған құжаттармен таныстыруға міндетті.

61. Куратор оқу үдерісін ұйымдастырудың негіздерін, оқу жоспарын және оқу тәртібін, бір мамандықтан екіншісіне, басқа факультетке немесе өзге ЖОО-ға ауысу тәртібін, қосымша қызметтерді ұсыну тәртібін, академиялық демалыс беру, қайта оқу, материалдық көмек көрсету тәртібін білуі және бұл ақпаратты өз тобының студенттеріне жеткізіп отыруы тиіс.

ЕРЕЖЕ	ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	Стр. 8 из 10

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ЕРЕЖЕ	ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	Стр. 9 из 10

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ЕРЕЖЕ	ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	Стр. 10 из 10